# "6-шы тақырып"
# «ҚР ҚК медициналық мүлік және көлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негіздері

# Дәріс жоспары :

- Кіріспе
- ҚР ҚК медициналық жабдықтау мазмұны,міндеттері және ұйымдастыру принциптері.
- медициналық мүлік,оның жалпы сипаттамасы және жіктелуі
- Медициналық мүліктің жинағы туралы ұғым,жинақтардың жіктелуі
- Бригаданың МРның және ЖмедО табелді медициналық жабдықтары.
- Алғашқы медициналық, дәрігерге дейінгі,алғашқы дәрігерлік және мамандандырылған көмек көрсету үшін жинақтардың (дәріханалық,сумкалық) медициналық-техникалық сипаттамасы. Арнайы тағайындауы бар жинақтар.
- Жасақталған кезіндегі және ұрыстың әртүрлі кезеңдерінде бөлімдер мен құрамаларды медициналық мүлікпен қамтамасыз ету бойынша өткізілетін шаралар
- Қорытынды.

## *Кіріспе*
## ҚР ҚК медициналық жабдықтау мазмұны,міндеттері және ұйымдастыру принциптері.

- Медициналық жабдықтаудың қамтамасыз ететін орындары,мекемелері және бөлмелері.

Бұл әскери бөлімдерді және медициналық бөлімшелерді, армияның бөлімдері мен мекемелерін медициналық мүлікпен қамтамасыз етуге бағытталған,жаралылар мен ауруларға медициналық көмек көрсету  және оларды емдеу, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар және де жаппай қыру қаруынан жеке құрамды қорғау бойынша медицина қызметінің шаралар жиынтығы.

# Медициналық жабдықтаудың негізгі міндеттері:

- Медициналық мүлікке қажеттілікті айқындау,онымен бөлімдер мен мекемелерді уақытылы және толық қамтамасыз ету.
- Медициналық мүліктің (көліктің) белгіленген қорларын жинау және оларды эшелондау.
- Жоспарлау,сұрану,қабылдау,сақтау және медициналық мүлікті бөлімдер мен мекемелерге жіберу.
- Медициналық мүлікті орталықсыз дайындауды ұйымдастыру, қатардан шыққан медициналық мүлік пен көлікті уақытылы жөндеу.
- Медициналық мүлік пен көлікті үнемді пайдалану шараларын іске асыру,жергілікті қорлар мен олжа мүліктерін жан-жақты қолдану.
- Бөлімдер мен мекемелерде медициналық мүліктің дұрыс пайдалануы мен жұмсалуын қадағалау.

Әскерді медициналық мүлікпен қамтамасыз ету медицина қызметінің басқару орындарына (қамтамасыз ету орындарына ) жүктеледі:

- Майданда- майданның медициналық қызметі басқару орны ретінде
- Аймақта - аймақтың медициналық қызметінің бастығы
- Бригадада-Бригаданың медициналық қызметінің бастығы

## Қамтамасыз ететін орындардың негізгі міндеті:

- Әскерді және медициналық мекемелерді медициналық мүлікпен үздіксіз,уақытылы жабдықтау,әсіресе ұрыс қимылдары кезінде,шығысты және ұрыс шығындарының орнын толтыру.
- Қамтамасыз ететін орындары өз жұмыстарын медициналық жабдықтайтын бөлімшелері,бөлімдері мен мекемелері арқылы жүзеге асырылады,оларға жататындар:
- Медициналық қоймалар
- Медициналық жабдықтау бөлімі
- Әскери бөлімдердің медициналық бөлімшелерінің дәріханалары

- Оларға жүктелетіні-медициналық мүлікті қабылдау,сақтау және есепке алу,олардың пайдалануын қадағалау, дәрі-дәрмекті дайындау және жіберу,медициналық техниканы жөндеуді ұйымдастыру,жасақтау,бөлшектеп тастау,есеп беруді есепке алу және медициналық мүлікті жіберу.

- Медициналық жабдықтаудың негізгі принципі болып жоспарлы натуралды қамту табылады.

- Ол жоғарғы қамтамасыз ететін орындардың төменгісіне (бөлімдерге, мекемелерге) медициналық мүлікті натуралды түрде жіберуге және беруге негізделген.

-  Соғыс кезінде берілетін мүліктің номенклатурасы мен көлемі әскери бөлімдердің және мекемелердің қамту нормалары мен штаттың табельдерімен айқындалады,осымен шешетін міндеттерді ескеріп және жұмыс көлемін қарастырып, алғашқы алу үшін мүлік тізбегі мен саны белгіленеді.
-  Жоспарлы,орталықтан қамтамасыз етулен басқа және мүлікті орталықсыз дайындау (сатып алу), олар нормалар мен табелдерден қарастырылмаған және қамту орындарымен берілмейді.

- Бұл мақсатта медициналық қызметтің қамту орындарымен орындарда мүлікті дайындау үшін ақша бөлінеді,жергілікті денсаулық сақтау мекемелері орнында, халық шаруашылық өндіріс орындарында.
- Медициналық мүлікті жоспарлы қою бейбіт өмір кезінде жылдың қажеттілік есебінен жасалынады,соғыс кезінде бір айға,ұрысқа,ал аймақтық бағынудағы әскери бөлімдерге әр тоқсанда.

# Медициналық мүлік ,оның жалпы сипаттамасы және жіктелуі. Медициналық мүліктің жинағы туралы *ұғым, жинақталудың* жіктелуі:

- Залалдану мен аурулардың алдын алу және диагностика жасауға, жаралылар мен науқастарды емдеуге,оларға қарауға, әскерде сагитарлық-гигиеналық және эпиднмияға қарсы шараларды зертханалық,дәріханалық т.б жұмыстарды өткізу және де оқу мақсаты үшін арналған арнайы материалдық құрал жабдықтарды медициналық мүлік деп атайды.
- Медициналық мүлікке жататыны: дәрі дәрмектер, бактериалды препараттар,реактивтер,таңу құралдары,тігін заттары т.б. медициналық арнайы заттар.
- Медициналық техникаға жататыны:аппараттар, қондырғылар,жаралыларды жинайтын және тасымалдайтын арнайы құралдар,типтік медициналық қондырғылар және жылжымалы медициналық және санитарлық қондырғылар.

**Жоспарлауды, медициналық қызметтің қамтуында тұратын медициналық мүліктің қажеттілігін және қамтамасыз етілгенін анықтаудың,сақтаудың және есепке алудың ыңғайлылығы үшін есепке алу,тобы және арналуы бойынша жіктеледі.**

- **Есепке алу бойынша: Медициналық мүлік пен медициналық техника жұмсалатын және инвентарлы болып бөлінеді.**

- Жұмсалатынға бір ақ қолданылатын заттар және де өз уақытта қолдануға жарамай қалатындар жатады (дәрі дәрмектер,таңу құралдары, хирургиялық және егу инелері,хирургиялық қолғаптар,түтіктер және т.б.)
- Инвертарлыға ұзақ қолданылатын және белгілі қолданылатын мерзімдері бар заттар жатады (аппараттар,құралдар,хирургиялық саймандар және т.б.)
- Сапасына қарай инвертарлық мүлік жарамдылығының деңгейіне қарай есепке алынады(жарамды,жөндеуді өажет ететін, жарамсыз).

- Жұмсалатын медициналық мүлікті есептен шығару үшін рецептер мен талаптамалар негіз бола алады.Инвентарлы мүліктердің заттары техникалық ахуалы бойынша және тозығы жеткенін білдіретін немесе қандайда бір заттың жоғалғанын құжаттайтын инспекторлық куәландыру бойынша есептен шығарады.

# Арналуы бойынша медициналық мүлік мына мүліктерге бөлінеді:

Арнайы тағайындалған

Жалпы тағайындалған

- *Арнайы тағайындалған* медицина мүлкіне ұрыс барысы кезінде медициналық тасымалдау кезеңдерінде жаралылар мен науқастарға медициналық көмек көрсету және емдеу үшін ең қажетті жұмсалатын заттардың қысқы номенклатурасы жатады:антибиотиктер,таңу заттары,қан алмастырғыштар, жүрек қан тамыры дәрілері,антидоттар,наркотиктер және т.б.
- Жалпы тағайындалған медицина мүлкіне медицина қызметінің  функционалды бөлімшелерін жоюға жіне жаралылар мен науқастарға медициналық көмекті көрсетудің негізгі шараларын орындау және емдеу үшін арналған.Оған арнайы тағайындалған және жалпы тағайындалған заттар енген,олар көбіне жинақ,іріктеме,қаланған,сөмке,дәрмектік және заттардан жинақталған.

- Бөлімдерде,құраманың және медициналық батальонында,бірлестіктердің жеке медициналық отрядында және әскери далалық госпитальдарда жаралылар мен науқастарға медициналық көмекті ыңғайлы және жылдам көрсету және емдеу үшін медициналық мүліктің жинақтары қолданылады.
- Жинақ бұл арнайы тізім бойынша құрастырылған медицина мүліктерінің заттары, ұрыс қимылдары кезінде жаралылар мен науқастарға медициналық көмек көрсету және емдеу үшін немесе медициналық пункттердің және медициналық мекемелердің функциональды бөлімшелерін жабдықтау үшін қолданылады.

Арналуы бойынша медицина мүліктерінің жинақтары арнайы тағайындалған және функциональды жинақтар болып бөлінеді.

- Арнайы тағайындалған жинақтар көбіне ұрыс қимылдары кезінде қолданылады, функциональды жинақтар таңу байлау, операциялық,зертханалық дәріханалық және т.б. функциональды бөлімдерді жою және жабдықтандыру үшін қолданылады..Олар белгілі бір медициналық көмектің көлемін, зерттеулердің нақты тізімін немесе жұмыс түрлерін орындау үшін арналған.

# Олар бірнеше топшаларға бөлінеді:

- Әскери
- Десанттық
- Кемелік
- Госпитальдық
- Арнайы бөлмелік
- Зертханалық

- Әскери медициналық қызметпен қабылданған жинақтар,жабдықтар жүйесі медициналық жабдықтауды жоспарлауды және ұйымдастыруды әлдеқайда жеңілдетеді,және де белгілі бір тактикалық артықшылықтары бар функционалды бөлімшелерді жылдам жаюды және жинауды ыңғайлы сақтау тасымалдау үшін қолданылады.
- Соғыс кезіне арналған табельді мүлік алдын ала бейбіт өмір кезінде дайындалады және қорларда сақталады.Жаппай жұмылдыру басталғанда қолтимес қорлар бөлімдерге беріледі

**Бригаданың медициналық ротасының және жеке медициналық отрядтың табельді медициналық жабдықтары. Бригаданың медициналық ротасының жинақты-табельді жабдықтары:**

| | |
|---|---|
| Б-1- СТЕРИЛЬДІ ТАҢУ,БАЙЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ | Таңғыштарды жапсыру үшін арналған. 100 жаралылар мен күйгендерге арналған. |
| Б-2-ШИНАЛАР | Жаралыларды көліктік иммобилизациялау үшін арналған.50 иммобилизацияға арналған. |
| Б-4-КҮЙГЕНДЕР ҮШІН ТАҢУ-БАЙЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ | Көлемді күйіктерге арналған таңғыштар.100 күйгендерге арналған. |
| АП-2-ТАҢУ-БАЙЛАУ КӨЛІГІ | БрМР, ЖМОға жылжымалы функциональді бөлімше есебінде арналған.Бір тәулікте 120 жаралылар мен күйгендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсету үшін арналған. |
| ЛУЧ-ИОНДЫҚ СӘУЛЕМЕН ЗАЛАЛДАНҒАНДАРДЫ ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН | Иондық сәулемен залалданғандарға бірінші дәрігерлік көмек ,мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін арналған. БрМР,ЖМО, АМО-да 200 залалданғанға 3тәулікке есептелген. |
| РО-1-КҮЙГЕНДЕРДІ ЕМДЕУ ДӘРІ-ДӘРІМЕКТЕРІ | БрМРда жаралылар мен күйгендерге бірінші дәрігерлік көмек көрсету үшін арналған.2тәулікте  200 жаралылар мен күйгендерге есептелген. |

| | |
|---|---|
| ӘСКЕРИ-МЕДИЦИНАЛЫҚ СӨМКЕ (ӘМС) (СМВ) | Ж.м.Н. алғашқы медициналық көмек көрсету арналған.С\н жабдығы болып есептеледі.30 Ж.м.Н. көмек көрсетуге есептелген. |
| САНИТАРЛЫҚ СӨМКЕ (сс) | Ж.м.Н. алғашқы мед. көмек көрсетуге арналған.Санитарлық,санитар-тасығыштық,санитар-атқыш,санитар-жүргізуші жабдығы.30 Ж.м.Н. көмек көрсету есептелген. |
| ӘСКЕРИ ДӘРІГЕР СӨМКЕСІ (СВВ) | Ж.м.Н. 1 дәрігерлік көмек көрсетуге арналған.БрМР-нын, жеке отряд дәрігерінің жабдығы.30 Ж.м.Н. көмек көрсету есептелген. |
| В-1-ҮЛКЕН ТАҢУ-БАЙЛАУ ЖИНАҒЫ | Ж.м.Н. 1 дәрігерлік және мамандандырылған көмек көрсетуге арналған |

| | |
|---|---|
| В-2-ҚАБЫЛДАУ-ІРІКТЕУ ЖИНАҒЫ | Ж.м.Нға қабылдау-іріктеу бөлімшесінде 1 дәрігерлік көмек көрсетуге арналған.1дәрігер мен 2 мейірбике хирургиялық құралдармен және дәрігерлік заттармен қамтамасыз етуге арналған. 50 жаралыға жұмсалатын мүлік. |
| В-3-АРНАЙЫ КӨМЕК | Иондық сәулемен залалданғандарға 1 дәрігерлік көмек көрсетуге арналған.100 ИС және 100 УСЗ заладанғандарға есептелген. |
| В-4-БӨЛІМНІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ РОТАСЫНЫҢ ДӘРІХАНАСЫ | Бөлімнің МР дәріханасы үшін арналған.100 Ж. ж Н. 50 ИС және УЗ залалданғандарға арналған.Ұрыс арасында бір айы бойы бөлім науқастарын амбулаторлық емдеуге арналған. |
| В-5-ДЕЗИНФЕКЦИЯ | Дезинфекция және дератизация жасау үшін арналған. |
| 3В-ТІС ДӘРІГЕРЛІК | Тіс дәрігерлік көмек көрсетуге арналған.1 тіс дәрігерлік,жұмсалатын мүлік бойынша 1ай жұмысқа (250 келушіге арналған.) |

# Дәрігерлік-медициналық заттар,құралдар, аппараттар.

- - ДП-10-Өкпені қолдан ауа алмастыру аппараты
- - ДП-9-Өкпені қолдан ауа алмастыру аппараты
- - БФ-3-электрлі жолды құрама бормашина
- КИ-3-оттекті ингалятор
- БИ-3 инесіз гидравликалық егуші
- Қозғалмалы стоматологиялық орындық (КЗЛ-2)
- МПХР-химиялық барлау медицина қондырғысы (ХБМҚ)
- СППУ-жиналу жәшігіндегі далалық таңу-байлау үстелі (ЖЖДҮ)
- ШР-басынан жараланғандарға арналған шлем (ЖШ)
- КИ-4-ингаляторға арналған баллондағы О2 (КИ)

- ТАСУ-санитарлық бау
- Щ-4-арнайы санитарлық бау
- НТ-ор зембілі
- НИВ-ауасыз қалыптастырғыш зембіл
- НМ-медициналық зембіл
- Қызыл Крест Жалауы
- БрМРнда медициналық мүлік ұрыстың 1-2 тәулігінде 750 Ж.м Н.ға алғашқы медициналық,дәрігерге дейінгі ж»не бірінші дәрігерлік көмек көрсетуге есептелген.

**Аймақтың жеке мед.Отрядының жинақты-табельді жабдығы**

Аймақтық ЖМО-дың медициналық мүлік қоры ұрыстың 2-3 тәулігінде 1000 Ж. м Н.қа дәрігерге дейін және бір дәрігерлік көмек, 1500 Ж. м Н. -қа білікті медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

| Жинақ | Арналуы |
| --- | --- |
| АНТ-антибиотиктер | Ж.м Н.ға білікті және арнайы медициналық көмек көрсету үшін арналған.ЖМО және ЖМРотада 1 тәулікке-500 Ж.м Н.ға есептелген. |
| Б-1 | ---/--- (БрМР-қараңыз) |
| Б-2 | ---/--- (---/---) |
| Б-3-стерилденбеген таңу-байлау құралдары | Емдеу мекемелерін таңу-байлау құралдарымен қамтамасыз ету үшін арналған - 100 Ж.м Н. есептелген. |
| Б-4 | ---/--- (---/---) |

| | |
|---|---|
| БГ- гипсті бинттер | Жаралылар мен күйгендерге білікті және арнайы медициналық көмек көрсеткенде гипсті таңғыштарды жапсыру үшін арналған- 100-200 гипсті таңғышқа есептелген |
| ЛУЧ- | ---/--- (---/---) |
| РО-1 | ---/--- (---/---) |
| РО-2- Жаралылар мен күйгендерді емдеуге арналған дәрі-дәрмектер (госпитальдік) | Ж. м Н. білікті және арнайы медициналық көмек көрсетуге арналған.Ж.мед.Р. және Ж. мед.О. 3 тәулікте 200 жаралыға есептелген. |
| ОВ-улы заттармен залалданғандарды емдеуге арналған дәрідәрмектер | Ж.мед.Р. және Ж.мед.О,әскери дала госпиталінде антидоттық терапияны өткізуге арналған. |
| СО-санитарлық өңдеу | УЗ,реактивті заттармен,биологиялық заттармен залалданған 500 Ж м Н толық санитарлық өңдеу жүргізуге арналған. |
| СМВ | ---/--- (---/---) |
| СС | ---/--- (---/---) |

| | |
|---|---|
| СВВ | ---/--- (---/---) |
| В-1 | ---/--- (---/---) |
| В-2 | ---/--- (---/---) |
| В-3 | ---/--- (---/---) |
| АЛ-2 | ---/--- (---/---) |
| Г-2-терапиялық дәрі-дәрмектер | Ж.мед.Р., және Ж.мед.О, ЭДГ-не арналған. Терапиялық науқастарға білікті және арнайы медициналық көмек көрсету және емдеуге арналған.5 тәулікке, 500 жаралыға есептелген. |
| Г-1-Жалпы дәрі-дәрмектер | ---/--- (---/---) |
| Г-3-неврологиялық дәрі-дәрмектер | ---/--- (---/---) |
| Г-4-хирургиялық дәрі-дәрмектер | Жаралы мен күйгендерге білікті және арнайы медициналық көмек көрсету және емдеуге арналған. |
| Г-7-кіші операциялық | Ж. м.Н маманды медициналық хирургиялық көмек көрсетуге арналған. 1 хирургиялық бригада жұмысын қамтамасыз етуге есептелген. |

| | |
|---|---|
| Г-8-үлкен операциялық | Ж. м.Н білікті толық медициналық хирургиялық көмек көрсетуге арналған. 2 хирургиялық бригада жұмысын қамтамасыз етуге есептелген. |
| Г-9-үлкен операциялық | Ж.мед.Р., және Ж.мед.О,ЭДГ операциялық таңу-байлау бөлімшесінің тігу заттарымен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге арналған.100 операцияға есептелген. |
| Г-10-үлкен операциялық | Ж.мед.Р.,Ж. мед.Б. және ЭДГ Ж.мед.О, ЭДГ операция жасау бөлімшесін инвентарлы заттармен қамтамасыз етуге арналған. |
| Г-12-палаталық | Ж.мед.Р.,Ж. мед.Б. және Ж.мед.О,ЭДГ терапиялық госпиталінің госпитальді бөлімін дәрігерлік құралдар мен заттармен қамтамасыз етуге арналған |

| | |
|---|---|
| Г-13-күтім заттары | Ж.мед.Р.,Ж. мед.Б. және Ж.мед.О,ЭДГ госпитальді бөліміндегі Ж. м Н.ды күтім заттармен қамтамасыз етуге арналған |
| АН-анестизиологиялық | Жалпы анестезия және интенсивті терапия өткізуге арналған. |
| Ш-1-естен тануға қарсы | Маманды медициналық көмек көрсету кезінде естен тануға қарсы шараларды өткізуге арналған.25жаралылар мен күйгендерге есептелген. |
| УО-1-кіші офтальмологиялық | Ж. мед.Бнің офтальмологиялық тобын жабдықтауға арналған. Көру органдары зақымданған жаралыларға маманды офтальмологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. 100жаралыға көмек көрсетуге есептелген. |
| ПЧО-обаға қарсы киім | Өте қауіпті жұқпалы ауруға күдіктігі заттарымен жұмыс істейтін медициналық құралды залалдаудың алдын алуға арналған.1адамға есептелген. |

| | |
|---|---|
| ЗВ-тіс дәрігерлік | ---/--- (---/---) |
| Л-1-Әскери клиникалық зертхана | Қанды,несепті,үлкен дәретті жалпы кестемен клиникалық зерттеуге арналған.1айға есептелген. |
| ЛИ-индикациялық зертхана | Ө.Қ.Ж.А. қоздырғышын анықтау бойынша микробиологиялық зерттеуді жүргізуге арналған.1ай жұмысқа арналған. |
| АЛ-3-санитарлық-бактериологиялық зертхана | Медициналық барлау жүргізуге және де күнделікті жұмыста микробиологиялық және санитарлық-бактериологиялық зерттеулер жүргізуге арналған. 1ай жұмысқа есептелген. |
| ЛМП-далалық медициналық зертхана | РЗ мен УЗ заладанғанына суды және тамақты тексеру,бактериялық құралдарды индикациялауды микробиологиялық, санитарлық-гигиеналық және токсикологиялық зерттеудің жиынтығын жүргізуге арналған. |

| | |
|---|---|
| ЛГ-1-әскери гигиеналық зертхана | Далалық жағдайда қысқарған кесте бойынша санитарлық-гигиеналық зерттеулерді жүргізуге арналған. |
| Г-5-ассистенттік дәріхана | Ж.мед.Р.,Ж. мед.Б. және Ж.мед. О,ЭДГ дәріханаларында стерилденген дәрі-дәрмектерді дайындауға арналған. |
| Г-6-егу дәріханасы | |
| В-5-дезинфекция | |

## Білікті медициналық көмекке арналған Дәрігерлік-медициналық заттар, құралдар,аппараттар

- ДИ-4-ИМПУЛЬСТІ ДЕФИБРИЛЛЯТОР
- ДП-9.2-ӨКПЕНІ ҚОЛДАН АУА АЛМАСТЫРУ АППАРАТЫ
- ДП-10.02
- ФАЗА-2-ЭЛЕКТРЛІ,АУЫСТЫРЫМДЫ
- «ЛАДА-МГ» ПНЕВМОЭЛЕМЕНТТЕРДЕ
- КИ-4-НАРКОН-2-ОТТЕКТІ ИНГАЛЯТОР
- КИС-2-ОТТЕКТІ ИНГАЛЯЦИЯЛЫҚ АППАРАТ

- БФ-3-ЭЛЕКТРЛІК ЖОЛДЫ ҚҰРАМА БОРМАШИНА
- Қозғалмалы стоматологиялық орындық
- Бір жүйелі электрлі кардиограф
- Апаттық қосылымы бар қозғалмалы көлеңкесіз шам
- СОПУ-жиналу жәшігіндегі  далалық операциялық үстел
- СППУ- жиналу жәшігіндегі  далалық таңу-байлау үстелі
- Санитарлық зембіл
- Ор зембілі
- НИВ-ауасыз қалыптастырғыш зембіл

- Қызыл Крест Жалауы
- Қан алмастырғыштар
- ТКМ-14-Қан мен қан алмастырғыштарды тасуға арналған салқындатқыш контейнер
- Қан құюға арналған жүйелер
- Залалсыздандыру құралдары
- Медициналық газдар: -баллондағы азот зокисі
- -40 л баллондағы О2
- - 2л баллондағы О2

Жасақтау кезіндегі және ұрыстың әр түрлі кезеңдерінде бөлімдер мен құрамаларды медициналық мүлікпен қамтамасыз ету бойынша өткізілетін шаралар

Бөлімдер мен құрамаларды медициналық мүлікпен қамтамасыз ету реті оперативтік,тылдық және медициналық ахуалға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Жасақталу кезінде құрама немесе бөлім өзіне штаттар мен штаттарға табельдік тиесілі медициналық мүлікті жұмылдыру талаптамасын көрсетіп алады. Бұл медициналық мүлік жасақтаушыда (бөлімнің, бірлестіктің медициналық қызметі, медициналық қойма, депо) болады.

Құрамалы медициналық мүлікпен және медициналық техникамен қамтамасыз ету болашақта өтініш, ҚР ҚК тылының соғыс кезіндегі шұғыл ақпаратттар табеліне байланысты беріледі.

Аймақтың медициналық қызметінің медициналық қамтамасыз ету бойынша негігі міндеті болып, ЖМО-ты,Бр Мр, батальондарды,роталарды медициналық мүлікпен дер кезінде,толық және үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады.

Медициналық жабдықтауды ұйымдастыру жауапкершілігі аймақтың медициналық қызметі бастығының құзырында,ол аймақтағы медициналық жабдықтаудың тікелей іс жүзіндегі шараларды медициналық жабдықтау бөлімшесінің бастығы орындайды,бригадада-БрМр дәріханасы бастығы.

Медициналық жабдықтаудың негізгі сұрақтары аймақтағы (бригаданың) медициналық қамтамасыз ету жоспарында айқындалады.

Ұрыс арасы кезінде бірлестік (бөлім) көбіне жалпы тағайындалған медициналық мүлікпен өтініш,наряд бойынша айына бір рет жоспарлы түрде қамтамасыз етіледі.Өтініштер белгіленген мерзімде аймақтың медицина қызметі бастығына жіберіледі.

Мүлікті жөндеу ұйымдастырылады, оның есепке алынуы ретке келтіріледі,дәрілер, сөмкелер,жинақтардың бос орындары толтырылады.

Ұрыс қимылдарына дайындық кезінде алдағы ұрысқа арнайы тағайындалған медициналық мүліктің қажеттілігі нақтыланады,мұнда негізгі болжаулы санитарлық шығын мөлшері алынады, бұдан басқа медициналық мүліктің қоры жасалынады.

Есепке алу керек,арнайы тағайындалған медициналық мүліктің әскери қорларының есептелуі:

- Мотоатқыштар бригадасында-750 жаралылар мен науқастарға
- Танктік бригадада -600 жаралылар мен науқастарға
- Аймақтың ЖМО-1500 Ж мен Н
- 1000 Ж мен Н бөлімдердегі қорлар орнын тотыру үшін

- Өткен ұрыс кезінде жоғалған,арнайы тағайындалған қажетті медициналық мүлікке және де жабдықтың кейбір заттарына өтініш беріледі.
- Сонымен арнайы медициналық мүлікке тағайындалған қорларды қалыпта ұстау үшін нақты қажеттілік бойынша сұралады және олардың барлығы және қажеттілігі ақпарат немесе медицина қызметінің бастығының нұсқауы бойынша жіберіледі.

- Ұрыс қимылдары кезінде және де жаппай санитарлық шығын ошақтарын қалпына келтіру кезінде бөлімдер арнайы медициналық мүлікпен нақты қажеттілік бойынша қамтамасыз етіледі. Мүліктер бөлімдердің ақпараты мен өтініші бойынша немесе аймақтың медициналық қызметі бастығының бұйрығы бойынша жіберіледі. Медициналық мүліктің пайда болған ұрыс шығыны өз кезегінде бөлімнің қамтамасыз етілуін шұғыл төмендетсе, медицина қызметінің тікелей бастығына кезектен тыс ақпарат беріледі.

# Медициналық мүлікті жеткізу былай іс жүзіне асырылады:

- Аймақта майданның медициналық қамтамасыз  ету бригадасының медициналық қоймасынан ЖМО-тың медициналық қоймасына майдан көлігімен
- Аймақ бөлімдеріне –ЖМО-тың дәріханасы және  медициналық мүлік қоймасынан Бр Мрдәріханасына –аймақ көлігімен
- Батальондарға-БрМрнің дәріханасынан батальонның МПне –бригада көлігімен
- Мед.мүлікті жеткізу үшін санитарлық көліктің кері жүрістерінің қолданылуы мүмкін.

# Қолданылуы:

- Қазіргі соғыс жағдайларында жаппай қыру құралдарын қолдану мүмкіндігі бар кезінде медициналық мүлікті білу,ұрыс кезінде олардың қажеттілігін және жабдықтау ретін анықтау одан да жоғарылайды.Бұл ең алдымен жаппай санитарлық шығындардың пайда болуға ықтималдығымен, олардың құрылысының күрделігіне ,зақымдалу ауырлығының артуына байланысты.